

«2024 жылғы қаңтар-қыркүйек айындағы
республикалық бюджеттің орындалуы және
әлеуметтік-экономикалық даму
қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы
ҚРҰБ Төрағасы Т. Сүлейменовтің баяндамасы
Астана қ., 2024 жыл, 15 қазан

Құрметті Олжас Абайұлы!

Құрметті әріптестер!

2-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

2024 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің **іскерлік белсенділік индексі 51,2 тармақты** құрады. Көрсеткіш сегіз ай қатарынан оң аймақта қалып отыр. **Қызметтер** бойынша индекс 51,6, **өндіріс** бойынша **52,4 тармақты** құрады.

Қыркүйекте **бизнес-климат** индексі оң көрсеткіште қалыптасты (**13,0**). Бизнес жүргізудің **қазіргі** және **болашақ шарттары** оң бағаланып отыр.

3-СЛАЙД. ИНФЛЯЦИЯ

Жылдық инфляцияның төмендеу үрдісі жалғасып, қыркүйекте **8,3%-ды** құрады.

Баға өсімінің баяулауына **азық-түлік тауарларының** дезинфляциясы көптеп үлес қосып, **5,1%-ті** құрады. **Азық-түлікке жатпайтын тауарлар** бағасының өсуі **7,6%** болды.

Ақылы қызметтер инфляциясы «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасының жүргізілуіне және бірқатар нарықтық қызметтердің қымбаттауына байланысты айтарлықтай өсім көрсетті – **13,6%**.

Айлық инфляцияға келетін болсақ, ол қыркүйек айында баяулап, **0,4%-ті** құрағанымен, орташа тарихи мәндерден жоғары қалыптасты.

Жалпы, баға динамикасы ұстамды қатаң ақша-кредит шарттары аясында біздің болжамымызға сәйкес қалыптасып келеді.

Инфляцияның төмендеуіне қарамастан, біз сыртқы секторда да, ішкі экономикада да **тәуекел факторларының бағаларға ықпал еткенін** байқап отырмыз.

Ішкі экономикада **тұрақты ішкі сұраныс**, жалғасып жатқан **фискалдық ынталандыру**, **инфляциялық күтулердің** артуы және **реттелетін бағалардың** өсуі аясында проинфляциялық қысым сақталып отыр.

Сыртқы ортадағы тәуекелдер ірі сауда-серіктесіміз саналатын Ресейдегі инфляцияның жеделдеуіне және әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағаның өсуіне байланысты қалыптасып отыр.

Сол себепті Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені **14,25%** деңгейінде сақтап қалды.

Өсіп жатқан фискалдық алшақтықты жабу және Ұлттық қордан қаражат алу арқылы қаржыландыру ісін жалғастыру құралдары төңірегіндегі белгісіздікке жеке тоқталып өткім келеді. Жоғары көлемдегі трансферттер ақша базасын, ұсынысын ұлғайтып, бағаларға тікелей қысым көрсетеді. Бұл **базалық мөлшерлемені төмендету мүмкіндігін** едәуір шектейді.

Инфляция тұрақты түрде баяуласа, әсіресе, оның орнықты бөлігі түсетін болса, Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені ақырындап, сақтықпен төмендету мүмкіндігін қарастырады. Оған қоса, бюджет тапшылығын қаржыландыру мәселесін жүйелі әрі тиімді түрде шешу қажет.

4-СЛАЙД. ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Қыркүйекте **теңгенің айырбастау бағамы** 1 доллар үшін **481,11** теңгеге дейін, яғни **0,1%-ке** аздап **нығайды**. Алайда, жылдың басынан бері 5,8%-ке әлсіреді.

Трансферттерді қамтамасыз ету үшін қыркүйекте Ұлттық қордан республикалық бюджетке **945 млн доллар валюта сату** теңгеге қолдау көрсетті.

Сондай-ақ, Ұлттық Банктің «Қазатомөнеркәсіп» **АҚ** акцияларын сатып алуының валюта нарығына ықтимал теріс әсерін теңестіру аясында біз **241,5 млн АҚШ долларын** саттық.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялау үшін шетел валютасын **сатып алу көлемі 500 млн доллар** болған. Зейнетақы активтерінің валюталық үлесі мақсатты **40%** деңгейіне жетуіне байланысты шетел валютасын сатып алуды тоқтата тұру туралы шешім қабылданды.

Теңгенің бұдан кейінгі динамикасы **нарыққа қатысушылардың күтулеріне, әлемдік нарықтардағы жағдайға және геосаяси жағдайдың өзгеруіне** байланысты болады.

Ұлттық Банк **теңгерімсіздікті** болдырмайтын және **алтын-**

валюта резервтерінің сақталуын қамтамасыз ететін икемді бағам белгілеу режимін ұстанатын болады.

5-СЛАЙД. АҒЫМДАҒЫ ШОТ

Төлем балансының **ағымдағы шотының тапшылығы** бірінші жарты жылдықта сауда балансының жақсаруына байланысты өткен жылғы бірінші жарты жылдықтағы (-)5 млрд доллардан **(-)0,3 млрд долларға** дейін қысқарды.

6-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР

Қыркүйек айының қорытындысы бойынша Қазақстанның **жалпы халықаралық резервтері рекордтық 107,2 млрд долларды** құрады.

Ұлттық Банктің **алтын-валюта резервтері** жыл басынан рекордтық мән – **44,5 млрд долларға** немесе **23,6%-ке** ұлғайды.

Ұлттық қордың активтері жыл басынан **4,5%-ке** ұлғайып, **62,7 млрд долларды** құрады.

Ұлттық қордың түсімдері мен алымдарының балансы теріс қалыптасып келеді. Яғни, алымдар түсімдерден асып жатыр. Бұл жағдайда қор қаражатының өсімін қолдап тұрған жалғыз фактор – **инвестициялық табыс**. Ол 9 айда **10,27%**, яғни **6,16 млрд АҚШ долларын** құрады.

7-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері оң динамиканы көрсетуде. Жылдың басынан зейнетақы активтері **20,95 трлн теңгеге** немесе **17,66%-ке** өсті. Жыл басынан инвестициялық табыс көлемі **2,12 трлн теңгені**

құрады. Зейнетақы жарналары 1,85 трлн теңге, ал қаражатты мерзімінен бұрын алу сомасы 375,5 млрд теңге болды.

Құрметті Олжас Абайұлы!

Ұлттық Банк сыртқы және ішкі нарықтардағы жағдайдың өзгеруін бақылап, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуді және инфляцияны одан әрі төмендету саясатын жалғастырады.

Назарларыңызға рақмет!